

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының
60 жас мерейтойына арналған

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ
ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)
«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ
КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,
посвящённого 60-летнему юбилею литературоведа-учёного,
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста
Байтанасовой Карлығаш Медетовны

PROCEEDINGS
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)
“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF
KAZAKH LITERATURE”
dedicated to the 60th anniversary of literary scientist, distinguished educator and
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
Қ17

Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

Редакция алқасы: С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

ISBN 978-601-385-179-2

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

ISBN 978-601-385-179-2

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)

МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i>	5
---------------------------	---

ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтуғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Аманғазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагұл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлиар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

Жорашова Айжан Маратовна

Астана қаласы әкімдігінің «Б.Майлин атындағы №52 мектеп-гимназия» ШЖҚ
МКК, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
(ayzhan.zhorashova@mail.ru)

**КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ АВТОР КАТЕГОРИЯСЫН
ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ
(ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа. Мақалада көркем мәтіннің құрылымдық-мазмұндық жүйесін ұйымдастырушы автор категориясының теориялық сипаты мен оны оқытудың әдістемелік мәселелері қарастырылады. Нақты тарихи тұлға (автор) мен мәтін ішіндегі эстетикалық нысан (автор бейнесі) арасындағы функционалдық айырмашылықтар ғылыми тұрғыдан пайымдалады. Үлгілік оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына сәйкес, білім алушылардың автор бейнесін анықтау дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары мен алгоритмдері ұсынылды. Әдебиеттану ғылымындағы автор бейнесі туралы теориялық тұжырымдар сараланып, жинақталды.

Түйінді сөздер: көркем мәтін, автор категориясы, нарратор, автор бейнесі, баяндау тәсілі

Әдебиет – құндылықтарға негізделген халықтың ұлы мұрасы. Кез келген ұлт бала тәрбиелеу жолында рухани игіліктерге негізделген мәдени мұраны тәрбие құралы ретінде пайдаланады. Бағзы заманнан келе жатқан әдеби мұраның жасаушысы халық болғандықтын, авторы да халық.

Әдебиеттану ғылымының даму тарихында автор теориясы ХХ ғасыр басында айқындалып, түрлі ғылыми тұжырымдармен толыға түсті. Көркем мәтіннің авторын тану, зерттеу, зерделеу, оның позициясын айқындау, мәтіннің архитектуралық қабаттарынан автор бейнесін саралау қазіргі үлгілік білім беру бағдарламасына (жаңартылған білім мазмұны) 2017 жылдан бастап енді. Дәстүрлі білім беру жүйесінде көркем мәтін сюжеттік, көркемдік, пішіндік тұрғыдан талданды. Үлгілік оқу бағдарламасында көркем шығарманы түсіну және жауап беру (Т/Ж), анализ және интерпретация (А/И), бағалау және салыстыру (Б/С) дағдылары, осыған сәйкес игерілуі тиіс оқу мақсаттары бар. Мақаламызда көркем мәтінге анализ және интерпретация дағдысы, оның ішінде автор және оның бейнесін анықтауға қатысты оқу мақсатын жүзеге асырудың теориялық, ғылыми және әдістемелік қырларын талдауды мақсат еттік. Жалпы осы уақытқа дейін ұлттық, әлем әдебиеттану ғылымында автор позициясы, автор тұлғасы, автор бейнесі теориясына қатысты ғылыми тұжырымдар зерделеніп, парадигмалық жүйе қалыптасты деп айта аламыз. Алайда көркем мәтіндегі автор категориясына қатысты әдістемелік ұстанымдар жоқтың қасы деп айтуға болады.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде автор теориясына ғылыми талдау, ерекше тілдік, стильдік тұрғыдан анализ жасаған лингвист, ғалым В.Виноградов «автор образы» терминін әдебиеттану ғылымына енгізді. Ол өз еңбегінде: «Көркем әдебиет тілін меңгерудің, оқудың басты мәселесіне «көркем шығарма тілі (стилі)» және «жазушы тілі (стилі)» енеді. Екі мәселе де жеке стильге байланысты негізден туындап отыр» [1,105] - дейді. Жазушылардың стильдік, тілдік ерекшеліктерін айқындай отырып, көп жылғы ізденістің жемісінен туындаған автордың стилистикалық айқындылығын көрсететін шығармадағы бейнесіне үлкен мән берді. Ғалым көркем әдебиет тілін (стилін) саралай отырып, ең басты тақырып етіп автор бейнесін негізге алған. «Кейбір тарихи жағдайларда және әдеби мектептерде белгілі бір стильдер тілі түрлі әдеби жанрда берік араласып, бірігеді; басқа жағдайларда әдеби көркем жанрларға стильдік және композициялық формалар өзіндік, әртүрлі стилистикалық характеріне және әлеуметтік-сөйлеу құралы сапасына қарай енеді. Содан кейін әдеби жанрлар мен стильдер тілі арасындағы қатынас, әдеттегіден тыс жаңарады. Барлық осы жағдаяттар автор бейнесі құрылымына әсер етеді және көрінеді» [1,107] - деп қорытындылайды. Ғалым бұл тұжырымдарды «О теории художественной речи» (1971) еңбегінде талдап, автор образына қатысты мынадай тоқтамға келеді: «Автор образы – бұл жай ғана субъект сөзі емес, ол көркем шығарманың құрылымында да атала қоймайды. Бұл – шығарманың іске асырылған концентрленген мәні, барлық персонаждардың баяндаушы мен әңгімелеуші арақатынасындағы сөйлеу құрылымының жүйесін біріктіруші және сол арқылы идеялық-стилистикалық тұрғыдан фокустық тұтастығы болады» [1,118].

Ұлттық әдебиеттану ғылымында автор мәселесіне XX ғасырдың 20-30-жылдары А.Байтұрсынұлы тоқталып, біршама теориялық тұжырымдар жасағаны белгілі. Ғалымның автор туралы «әуезелеуші», «сарындаушы», «толғаушы» тұлғалары туралы айтқан ғылыми ұстанымдары бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Автор ақын тілді шығармаларды үлгілі жұрттар: әуезеленіп айтылуына, толғанып айтылуына, ғаламдап айтылуына қарай үш топта топтастыратынын, алайда жазба әдебиетке болмаса ауыз әдебиетінің түрлеріне келмейтіндігін айтып халық ауыз әдебиетінің айтылуына қарай: әуезе, толғау, айтыс деп жіктеп ұлттық дүниетанымға сай терминдерді ұсынған болатын [2,103].

XX ғасырдың екінші жартыжылдығында автор бейнесіне академик З.Ахметов былай деп анықтама береді: «Автордың бейнесі – әдеби шығармадағы жазушының өз тұлғасының көріну қалпы. Автордың идеялық нысанасы, көзқарасы, ұғым-түсініктері, наным-сенімдері, көркемдік принциптері, суреткерлік шеберлігі бәрі-бәрі кең, толық мағынасында, әрине, шығарманың өн бойынан, бүкіл құрылыс-бітімінен, идеялық-көркемдік сипатынан танылады. Бұл – оның шығармашылық тұлғасы, жазушылық, суреткерлік сипаты – өзгешелігі, ал оның өнер иесі ғана емес, өз тағдыры, өз мінез-құлқы бар жеке адам ретіндегі бейнесін алсақ, ол жекелеген жанрда (мысалы, өмірбаяндық, мемуарлық) болмаса, айқын көрініс таппайды» [3, 21]-дейді. Ғалымның ұсынған анықтамасы көпшілікке ұғынықты. Шындығында

көркем туындының барлығында тегіс автор бейнесі көрініс табады десек артық болар. Біз мемуарлық шығармаларда айқын көрінетін автордың тұлғалық ерекшелігін автор бейнесі деп түсінуден алшақпыз.

Автор образына қатысты берілген екі анықтамадан шығатын қорытынды, шығарманың негізгі мазмұнынан көрінетін шынайы автор емес, автор бейнесінің көріну қалпы екендігі. Автор өзі тудырған көркем әлемнің жаратушысы бола тұра, өзіндік тұлға, танымын көрсете отырып, сол көркем дүниенің бір айнымас бөлшегіне айналады. Оқырман санасында қалыптасатын суреткердің бейнесі – автор бейнесі категориясын құрайды.

Автор бейнесі туралы зерттеген ұлттық, орыс, батыс, еуропа әдебиеттану ғылымындағы ғалымдар да біршама. Ұлттық әдебиеттануда Б.Майтанов, Н.Кенжегараев, М.Оразбек, Т.Есембеков т.б. ғалымдар сөз етсе, орыс әдебиеттану ғылымында М.Бахтин, В.Виноградов, Б.Корман, В.Хализев, Е.Орлова т.б. көптеген ғалымдар жан-жақты тоқталып өткен. Батыс әдебиеттану ғылымында американдық ғалым У.К. Бут «имплицитті автор» терминін енгізсе, еуропа әдебиеттануында чех ғалымы В.Шмидтің де еңбегі орасан екенін айтып өткен жөн. Аталған ғалымдардың еңбегінен автор бейнесіне қатысты маңызды тұжырымдармен қатар терминдік атауларының да өзгешеліктері бар екенін көруге болады.

Қазіргі таңда автор теориясына қатысты тұжырымдардың барлығын нарратология ғылымы қарастыруда. Нарратология – нарратив яки баяндау, әңгімелеу туралы теория. Кез келген шығарма автор тарапынан белгілі бір тәсілмен баяндалады. Күнделікті сабақ барысында оқушы қауымға көркем мәтін ішіндегі автор тұлғасын, яки оның категориялық бейнесін, нарраторлық тұлғасын қалай танытамыз деген сауал мұғалімдерді ойландыратындығы анық. Әрине, автор бейнесі көркем шығарманың поэтикалық қуатынан көрінетін эстетикалық категория. Автор бейнесін тану үшін оқырманның да сана, сезім түйсігі, ойлау қабілеті зеректігі жоғары болуы керек. Оқушы авторлық позициядан, автор бейнесін ажырата алып, оны сезіне алуы керек.

Көркем шығармадағы эстетикалық категория ретіндегі автор бейнесі көрінісіне тікелей қызмет ететін компонент баяндау түрі мен тәсілі болмақ. Жалпы көркем мәтіннің коммуникативтік, семантикалық, структуралық және стилистикалық сипаттары баяндау түрлері мен ретіне байланысты болғандықтан шығармадағы автор көрінісінің баяндау тәсілін анықтау маңызды алғышарттардың бірі. Яғни, ең бірінші оқушы көркем мәтіндегі автордың баяндау түрін ажырата алуы тиіс.


Орыс ғалымы Е.Орлова өз еңбегінде автор бейнесін тану үшін оқырман кемінде шығарманы үш рет оқу керек деген тұжырым жасайды. Шығарманы оқу барысында алғашқы екеуінде біз эмоционалдық реңке бой алдырып шатасуымыз мүмкін деген пікір білдіреді [4]. Бүгінгі таңда технологияның жоғары сұранысқа ие болып, кітап оқуға деген құлшыныстың төмендегенін негізге алсақ әрине автор категориясын талдаудан бұрын шығарманың мазмұндық қабатын игерту бірінші орында тұрғаны анық. Бұл әрине өкінішті жағдай. Алайда үлгілік білім беру бағдарламасының мазмұнына сай Д.Брунердің «спиральділік» оқу қағидатына сүйенсек бұл дағды жылдан жылға

күрделеніп әрі қарай дами түседі. Көркем мәтіндегі автор тұлғасын оқушыларға таныту бір күндік жұмыс емес. Ұзақ уақытты талап етеді. Аталмыш дағды көп ізденіс пен еңбекті қажет етеді. Бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа дейін оқушылардың талғам таразысы қалыптасып, өзіндік ойлау қабілеттері арта түссе автор позициясын, бейнесін тану да қиындық тудырмас деген ойдамыз.

Өз тәжірибемізде автор бейнесіне қатысты берілген оқу мақсаттарын әр сыныпта әрүрлі тапсырмалармен іске асырып жүрміз. Алаштың кемеңгер ұлы ақыны М.Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде оқушыға әсердің күштілігі туралы: «Әсер күшті болса, есте ұзақ ұсталады. Бір сабақтан бала күшті әсер алу үшін баланың сол сабаққа құмар болуы шарт. Баланы құмар қылу үшін мұғалім өзі құмар болуы керек» [5, 87] - дейді. Аталған оқу мақсатын мұғалім үстірт түсіндіріп, көркем мәтіннің өн бойындағы автор тұлғасын, шынайы автордың тұлғасымен, бейнесімен шатастырып түсіндірмегені абзал. Бұл оқу мақсаты түсіну және жауап беру дағдысынан кейін ұсынылады. Оқушылар әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтап, шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені, идеяны, кейіпкерлердің типтерін сипаттағаннан кейін мәтінге анализ және интерпретация жасай алады. Шығарманың көркемдік қабатына талдау жасап автор категориясын талдауға қарай ойысады. Мәселен 6-сыныптың қазақ әдебиетінде «6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау;» деген оқу мақсатына сай сабақ мақсатын шығарманың жанрына қарай ұсынамыз. А.Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңіне аталған оқу мақсатына сай мынадай тапсырма ұсынуға болады.

1-тапсырма

«9 ромб» әдісі бойынша өлең үзіндісіндегі автор маңызды және онша маңызды емес деп санаған мәселелерді анықтаңыз. Анықталған маңызды аспектілер арқылы автор бейнесін сипаттаңыз.



Оқушылар ромбтың әр ұяшықтарына өте маңызды және онша маңызды емес мәселелерді іріктеп теріп жазады. Сол арқылы өлеңдегі автордың лирикалық тұлғасын тануға әрекет етеді. Маңызды мәселелерді анықтау арқылы автордың не нәрсеге ерекше мән бергендігін және осы арқылы автордың не айтқысы келгендігін, қаламгердің позициясын анықтауға болады. Маңызды мәселелерді талқылау арқылы лирикалық жанрға сай автор бейнесін көркем мәтінде лирикалық тұлға алмастыратынын негізге алған жөн.

Екінші тапсырманы алдыңғы біліммен байланыстырып пысықтау үшін өлең үзінділерімен жұмыс жасау ұсынылады. Себебі пысықтау білім алу үдерісіндегі маңызды компонент. «Бала жаңа білімді неғұрлым көп пысықтаса, есінде сонша берік болып қалады» [6, 88].

2-тапсырма

Үзінділерден автор бейнесіне өз ойыңызбен пікір білдіріңіз.

Өлеңнен үзінді	Менің пікірім...
Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.	
Түзу кел, қисық-қиңыр, қырын келмей, Сыртғын танып іс бітпес, сырын көрмей.	
Таңғаламын алдыңғы айтқанды ұқпай, Және айта бер дейді жұрт тыным бермей...	

Әрбір үзіндіде оқушылардан еркіндік, ашықтық талап етіледі. Білім алушылар өз ойларын еркін ортаға салып, әр үзіндіге жіті мән беріп, өз көзқарастарын білдіріп отырса, автор бейнесін қалай елестете алатынын айту арқылы оның оқырман санасында орын алатын бейнесін жасай алады. Мұғалім тарапынан жетекші сұрақтар қойылып қолдау көрсетілуі маңызды болмақ.

Сонымен қатар, 6-сыныпта А.Құнанбайұлының «Бірінші», «Жетінші», «Отыз бірінші» қарасөздері берілген. Аталған оқу мақсатын осы жерде тиімді ұсынуға болады. Үш қарасөздің мазмұнымен танысқаннан кейін оқушыларға әр қарасөздерден үзінділер беріп, автор тұлғасына талдау жасату керек. Себебі, автор өз шығармаларында бейсаналы түрде әртүрлі қырынан көрініп, оқырман санасында өз образын қалыптастырады.





Авторға тән қасиеттер

Автор бейнесі



Авторға тән қасиеттер

Автор бейнесі



Авторға тән қасиеттер


Автор бейнесі

Үш қарасөздің мазмұны әртүрлі. Оқушылар авторға тән қасиеттерді анықтағаннан кейін үш түрлі бейнені анықтап, талдай алады. Практикалық тапсырмаларды жасау арқылы оқушылар автор бейнесінің басты ерекшелігі әр шығармада еркінен тыс құбылып отыратын образы бар екендігіне көз жеткізе алады. «Шынайы автор шығарманы жазу барысында өзінің тұспалданатын нұсқасын жасайды. Ол тұспалданған автор жазушының басқа шығармасында кездеспеуі мүмкін. Автор қаншалықты ешқандай жақта көрінбесе де, оқырман сөзсіз автордың бейнесін жасайды» [6,74]-дейді американдық ғалым У.К. Бут. Ғалымның отандасы С.Четмэн: «Баяндаушыға қарағанда имплицитті автор оқырманға ешнәрсе айта алмайды, себебі оның дауысы, басқа да коммуникациялық құралы жоқ» [7] деген пікірді ұсынады. Мұндағы «имплицитті автор» термині В.Виноградов ұсынған «автор бейнесі» терминімен бір мағынада жұмсалатынын еске саламыз.

Автор бейнесіне талдау жасау барысында оқушыларды шатастыратын кейбір тұстардың бар екендігін де жоққа шығармаймыз. Себебі, біз үнемі көркем мәтінмен танысу барысында сөзсіз шынайы автордың бейнесін көз алдымызға елестетуіміз мүмкін. «Шынайы автордың өміріндегі кез келген оқиға көркем автор образын көрсетуде өзгеріске ұшырауы мүмкін. Көркем өмірбаянда біз шынайы автордың өмірбаянымен сәйкес келмейтін детальдарды, фактілерді, оқиғаларды көре аламыз» [8,14]-дейді орыс әдебиеттанушысы Б.Корман. Бірақ кейбір деректер расында жазушының қиял еркіне қарай өзгеріске түсіп отыратындығы анық. Сондықтан көркем шығармадағы сюжеттердегі кейбір детальдардың автордың шынайы өміріндегі шындықпен жанаспауы заңдылық. Оқушы қауым тек мәтін ішіндегі автордың тұлғасын талдауы қажет.

9-сыныпта «9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау;» деген оқу мақсаты беріледі. Аталған оқу мақсатына қол жеткізу үшін білім алушылар автор бейнесі деген терминді жетік білгендері жөн. 5-сыныптан бастап ұсынылатын автор теориясына қатысты бұл оқу мақсаты әрине жылдан-жылға күрделене түседі. Бұл оқушы қауым үшін күрделі оқу мақсаттарының бірі деп айта аламыз.

Аталған оқу мақсатына сай мынадай тапсырма ұсынуға болады. Қ.Мұхамбетқалиұлының «Тар кезең» романы 9-сыныптың 4-тоқсанында ұсынылады. Шығарманың көлемі өте ауқымды. Бірақ тарихи жанрда жазылған көркем туынды болғандықтан оқушылардың қызығушылығы болатындығы анық.



Тапсырманы оқушылар топтасып та, жұптасып та, үштікке бірігіп орындай алады. Ең бастысы оқушылар мәтін мазмұнын жетік білгендері абзал. Бірінші сұраққа жауап беру ешқандай қиындық тудырмайды, автордың қандай баяндау тәсілін қолданғанын оқушылар бірден таба алады. Екінші сұрақта мұғалім бірнеше нұсқаларды алдын ала дайындап қоюына да болады. Мысалы, *«Басқасы – басқа болсын, ал енді ақ патшаның өзі ит терісіне мөр басып, Хан тағайындаған адамды қайдағы бір қаймана орыс келіп, Тәңірінің тал түсінде талапайға ұшыратты деген не сұмдық?! Демек, кәуірдің бұл жұртты ел деп есептемегендері зой, шамасы... Бұдан артық басыну, бұдан өткен қорлық бола ма?!»* [9, 124] немесе *«...Басқа-басқа, бұл Сырым соның бәрін өз көзімен көрген... Орыстармен бірге соғыса жүріп, бұл елдің нендей жұрт екенін де білген; өз халқын аямаған мұндай елдің басшылары қарсы шыққан өзге жұртқа тіпті де аяушылық жасамасын да сонда сезген»* [9, 160]. Екі үзіндіден де нарратордың көзқарасын тануға болады. Мұндағы тілдік тұлғаларға, сұрақ белгісі мен леп белгісіне ерекше мән беріп оқушыларға жетелеуші сұрақтар қою арқылы автор көзқарасын тануға ықпал ету керек. Ал үшінші сұрақта автор ұстанымын табу үшін мәтін үзінділерімен жұмыс жасату ұсынылады. Сынып оқушыларының деңгейіне сай, уақытты үнемдеу үшін мұғалім алдын ала бірнеше үзінділерді ұсынып, соның ішінен автор ұстанымы ерекше көрініс тапқан үзінділерді таңдау арқылы бірден талқылау сұрақтарына көше алады. Осы үзінділер арқылы автор бейнесі мен оның шығармадағы идеяны жеткізуші ретіндегі ерекшелігін анықтатып, бірден екінші тапсырмамен байланыстырып жібере алады. Оқу мақсатына қол жеткізу үшін үшінші тапсырманы қорытынды ретінде ұсынған жөн.



Автор романның соңында Беріш Алдар қарт пен Сырым батырдың диалогін жайдан-жай бермегені анық. Кез келген сұрақтың шешімін табатын шешен Сырымның бұл сұраққа да болашақ ұрпақтың қандай боларын таныта отырып жауап бергендігін көреміз. Ханды орнынан тайдырып, халықтың кеңесін құрып, қазақ даласына демократияның дәнін сеуіп кеткен Сырымның саясаткер бір қырын көре отырып, болашақ ұрпақтың зерек, алғыр болатындығынан да хабар бергендей. Қарадан шығып хан болып, халықтың мұң-мұқтажын түсіне біліп, артынан ерген көпшіліктің тілегін орындаған бидің батырлығын шешендігімен үйлестіре білген автордың бұл ұтымды тәсілі оқушыларды ойландыра түсетіндігі анық. Сондықта «Неге?» деген сұрақтар арқылы мұғалім оқушылардың автор категориясын, оның позициясын, бейнесін танып, идеялық, стильдік тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасата алады. 9-сыныптың басында бұл оқу мақсаты оқушыларға күрделі болып көрінуі мүмкін. Әр мұғалім сабақта оқу мақсатын SMART мақсатқа айналдырып, сыныптың деңгейіне сай етіп ұсына алады. Бірден күрделі дағдымен емес, жеңілдетіп, оңтайландырып тапсырмаларды да соған сәйкес тиімді етіп құрастырған жөн. М.Жұмабаев жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыру үшін: «Бір нәрсенің еске тез алынуы һәм естен тез шықпауы үшін осы нәрсенің бұрын есте бар нәрсеге байлануы шарт. Яғни әр нәрсені бала есіне тез алсын һәм есінде ұзақ ұстасын десе, балаға жаңа беретін білімді жат күйінше бермесін, баланың бұрынғы таныс білімдеріне байлап берсін» [5,87]-дейді. Сондықтан да орта буында автор тұлғасын талдауды білген оқушы жоғарғы буында күрделі мақсаттармен де жұмыс жасай алатындығы анық. Тек бұл теориялық білімді қарапайым, ұғынықты етіп жеткізгеніміз жөн.

Көркем шығармадағы автор категориясын оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады. Әдіс қандай да бір дағдыны дамытып, жаңа білімді игеруге жұмыс жасауы керек. Әрдайым түрлі тәсілдермен тәжірибе жасау арқылы табысқа қол жеткізуге болады. Күнделікті сабақ барысында оқушыға ұсынылатын оқу мақсаты белгілі бір дағдыны игеріп, нәтижеге қол жеткізілу

үшін ұсынылады. «Баланың ақыл-ойы мен талантын мақтау арқылы оған шектеулі ойлау үлгісін дарытатынымызды ұмытпаңыз. Мақтау баланың өзін-өзі бағалауы мен ынтасын төмендетеді. Оның орнына баланың іс-әрекетіне, кейбір мақсаттарға жету үшін қолданатын тактикасына, күш-жігеріне немесе таңдауына назар аударыңыз» [10, 217]. Оқушы автор бейнесін бірден түсініп көркем шығарманың өн бойынан таба алады деген пікірден аулақпыз. Ең алдымен оқушылар автордың баяндау стилі мен позициясын талдаса, автор образы келесі категориялық нысан болуы тиіс. Тәжірибе жасап, оқушы әлеуетіне сай әдіс-тәсілдерді пайдаланған жөн. Ең маңыздысы оқушының осы мақсатқа қол жеткізудегі әрекетіне кері байланыс беріліп отырылуы керек. «Оқу материалын оқушының дамуына ықпал ететіндей етіп дайындауға тырысыңыз» [10, 217]-дейді тұлға психологиясын зерттеуші профессор К.Дуэк. Автор категориясын талдауға арналған тапсырмаларды құрастыруда оқушының әрбір әрекеті есепке алынып соған сай бағалау критерийлері берілуі тиіс. Дұрыс талап (критерий) белгілі бір дағдының қалыптасуына ықпал етеді.

Қорытынды. Дамыған мемлекеттердің дені білім беру жүйесінде жас буынның ұлттық танымын, зерттеу, баға беру, саралау, сын тұрғысынан ойлану дағдысына ерекше мән береді. Үлгілік оқу бағдарламасына көшкелі еліміздегі білім беру жүйесі осы жолда қызмет етіп келеді десек артық айтпағанымыз. Көркем шығарманы оқып, тек мазмұнын талқылау қазіргі білім берудегі бәсекелестікке төтеп бере алмасы анық. Уақыт өте келе ұрпақтар арасында да көптеген айырмашылықтың бар екендігі дәлелденген. Сондықтан жаһандану заманында көштен қалып ескі жүйемен жүру қисынсыз болмақ. Білім алушы көркем мәтінді интерпретациялап, анализ жасап, өзіндік бағалау, салыстыру жұмыстарын сауатты жүргізе алуы тиіс. Көркем мәтіннен автор категориясын анықтап, талдау жүргізуде ең алдымен оқушы әлеуетін ескеріп, оның жас ерекшелігіне сай тапсырмаларды жеңілден, күрделіге қарай құрастырған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Виноградов В.В. О теории художественной речи. – Москва: Высшая школа, 1971. – 240 с.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. / З.Ахметов, Т.Шаңбаев/. - Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
4. Орлова Е.И. Образ автора в литературном произведении: Учебное пособие. – Москва, 2008. – 44 с.
5. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
6. W.S. Booth The Rhetoric of Fiction. – Chicago: The University of Chicago Press, 1961. – 543 p.
7. Ильин И.П. Постмодернизм. Словарь терминов. – Москва: Инрион Ран - Intrada, 2001. //Электронды ресурс: <http://terme.ru/dictionary/>
8. Корман Б.О. Изучение текста художественного произведения. – Москва: Просвещение, 1972. – 110 с.

9. Мұхамбетқалиұлы Қ. Тар кезең:Тарихи роман / Қажығали Мұханбетқалиұлы. – Алматы: Мереке, 2012. – 584 б

10. Дуэк К. Ойлау. Табысқа жетудің жаңа психологиясы. Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2021. – 260 б.

ХҒТАР 17.01.45

Галымжанова Зәуре

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана,
Қазақстан

(e-mail: zaure.galymzhanova@mail.ru)

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» МЕМУАРЛЫҚ РОМАНЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада жазушы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі кешенді қарастырылады. Автордың «балалық қабылдау» призмасы арқылы заман шындығын суреттеу шеберлігі мен көркемдік детальдардың рөлі талданады. Шығарманың тарихи-танымдық және тәрбиелік әлеуеті айқындалып, оны меңгерудің тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылады. Студенттердің ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыруды ғылыми-әдістемелік деңгейде саралайды, әдеби-теориялық білімін, аналитикалық ойлау қабілетін дамытуда интерактивті және проблемалық оқыту әдістерінің тиімділігі дәлелденеді.

Түйін сөздер: мемуарлық роман, оқыту әдістемесі, құндылықтар символы, баяндау поэтикасы, белсенді оқыту әдістері

Көркем әдебиетті оқу – тұлғаның рухани кемелденуін, мәдени санасының қалыптасуын және зияткерлік әлеуетінің дамуын қамтамасыз ететін кешенді білімдік-тәрбиелік үдеріс. Ол қазіргі әдеби білім беру парадигмасының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Әдіскер-ғалымдардың: «Көркем әдебиет өткеніне қайырылмай, өзінің бүгінгі жеткен биігін өткенмен салыстырмай, қоғамы мен ортасында өткен дүбірлі оқиғалар мен тұлғаларды бейнелемей тұра алмайды. Суреткер өзінің көркемдік таным қабілетін жұмсай отырып, дәуір рухын, өмір болмысын танытатын шығармалар тудырады.

Қазіргі әдебиетте тарихи тұлғаны таныту, оның өмір кезеңін, айналасын, жеке мінез болмысын суреттеуге деген қызығушылық өсуде. Әдебиеттің түрлі жанрларында шынайы адам болмысын жасау өрістеп, әсіресе мемуарлық өмірбаяндық, публицистикалық салада белең алды», – деген тұжырымның дұрыстығын бүгінгі тәжірибе қуаттай түседі [1, 85 б.].

Мемуарлық роман – көркем әдебиет пен деректі прозаның түйіскен тұсындағы синкретті жанр. Автордың жеке басы мен тарихи оқиғалардың